

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: karenov@mail.ru)

Есімі қазаққа мәлім болған, сөзі үш жүзге тәлім болған дүлдүл әнші-ақын Үкілі Ыбырай

Өткен ғасырдың көрнекті ақыны, әншісі және композиторы Ыбырай Сандыбайұлының шығармашылық қызметіне сипаттама берілген. Оның ақындық дарыны ерте байқалып, ерте қалыптаса бастағандығы баса айтылған. Ыбырайдың көптеген лирикалық өлеңдердің авторы екендігі көрсетілген. Ақын атағының елге кеңінен жайылуы, оның халық арасында төрт нұсқада таралған әйгілі «Гэкку» әнімен байланысты екендігіне көңіл бөлінген. Әрі ақын, әрі әншінің турашылдығы, тапқырлығы, батылдығы, шешендігі дәстүрлі суырып салма ақындық өнерге сапалы талаптар әрі үлгі болып табылатындығы пайымдалған. Ақын өз шығармаларында махаббат толғаныстарын, туған өлкенің сұлу табиғатын, білімнің күшін жырлап, халықты рухани тазалыққа, әділеттілікке, шындыққа шақырғандығы дәріптелген. Ыбырайдың шығармашылық өмірі сан қырлы екендігін, ал оның өзінің әрі ақын, әрі композитор, әрі әнші болғандығы дәлелденген.

Кілтті сөздер: Үкілі Ыбырай, ақын, әнші-композитор, гэкку, халық поэзиясы, махаббат тақырыбы, айтыстың ақтангері.

Кіріспе

Қазақ әдебиеті мен өнерінің тарихында өздерінің ерекше шығармашылық қырларымен көзге түсетін бір топ ақын-композиторлар бар, олар: Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Балұан Шолақ т.б.

Қазақтың бұрын-соңды сал, сері-ақындарының дәстүрін жалғастырып, поэзия мен музыканы шебер ұштастыра біліп, оны жаңа көркемдік мазмұнмен толықтыру да, қалың бұқараның ой-армандарын білдіретін өршіл сарындармен байланыстыру да бұл ақындардың шығармашылық дүниесінен мол табылады.

Солардың қатарында тұрғандардың бірі — атақты Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы. Ол бала кезінде молдадан оқып, арабша сауатын ашқан. Жасынан әнге, өлеңге құмар Ыбырай қазақтың атақты әнші-ақындарынан үлгі-өнеге алып, олардың шығармашылық дәстүрін бойына сіңірген.

Өз заманында әнші-сазгерлігімен аты шыққан Үкілі Ыбырайдың музыкалық мұрасында 40-қа жуық әндер бар. Мысалы, «Гэкку» (4 түрі), «Қарақат көз», «Арарай», «Бір қызық ит жүгіріп аң ауласа», «Дүние», «Шалқыма», «Көкше», «Сүйгенім кете барды қасыма еріп», «Қалқа бел», «Қалдырған», «Желдірме» т.б. [1].

Үкілі Ыбырай жаңа кеңестік өмірдің ағартушылық пен мәдениет саласындағы саясатына алғаш қолдау білдіргенімен, кейінгі саяси-әлеуметтік өмірге, ұлттық теңдік деген жалаң үгіт сөз екеніне ақындық қырағы көңіл көзімен терең бойлай отырып, жалаң ұраншылдықты, Кеңес үкіметінің жергілікті тұрғындар арасында жүргізген келеңсіз іс-әрекеттерін өзінің өлең жолдарымен өткір сынға алған [2].

Ыбырай Сандыбайұлының поэзиясы тақырыбы жағынан алуан түрлі.

Дарынды ақын, бұлбұл әнші, айтулы композитор Үкілі Ыбырайдың шығармашылығының сан қырлығы

Атадан келе жатқан дәстүр бойынша Ыбырай кезінде ит жүгіртіп, құс салған. Оның санасында бұл — барлық сал-серілердің салты, жігіттіктің жарастығы мен сәні. Осындай дәстүрлі тақырыпта оның өлең шығаруы да табиғи нәрсе.

Аңшылықтың қай түрі болса да қазақтың ұлттық спортының бір түрі. Ол жөнінде өлең мен жырлар аз емес. Соның ішінде арғы-бергі қазақ поэзиясында, аңшылық туралы ең әдемі жазылғандары — ұлы Абайдың «Қаңсонарда бүркітші шығады аңға...» [3] және Ыбырай Сандыбайұлының «Бір қызық ит жүгіріп аң ауласа...» [4; 105–106] деген өлеңдері. Ыбырайдың ел ішіне кең тарап, халықтық болып кеткен шығармасы былай келеді:

*Бір қызық ит жүгіріп аң ауласа,
Мінген ат шабуылмен танауласа,
Кигенің іші қызыл орман түлкі
Құлтыртып жез сабаумен сабауласа.*

*Болғанда биең жарау, атың қату,
Жігітке лайық па қарап жату,
Бір серілік, жастықта ерлік ойға қонып,
Жігітке ол бір қызық дуылдату.*

*Қызыл жел көңіліңді қыздырмалап
Ұрмай ма тағатыңды бұздырмалап
Жүйрік ат, қыран бүркіт, ұшқыр тазы,
Үшеуі ер жігітке құйрық, қанат.*

*Қалың бет, салыңқы төс, қамыс құлақ,
Бөп-бөлек ойынды еті тұрған құлап
Жүйрікті бір досыңнан сұрап алып
Кежімдеп кіреуетте жатсаң сұлап.*

*Бүркітің сонда тұрса саңқ-саңқ етіп,
Күтіліп саятшымен бабы жетіп,
Қанды көз, қайқы тұмсық қарауытып,
Ұмтылып көрінгенге тап-тап етіп.*

*Қарғылы тұрса тазың сылдыр қағып,
Керіліп бір сілкінсе дүр-дүр қағып
Таңертең аңға шығар мезгілінде
Еркелеп келсе жетіп сылаң қағып.*

*Сол күні келе қалса аңқұмарың,
Лепілдеп соға қалса ынтазарың
Бүгілтіп жылқыдағы жарау атты,
Ертемен алып келсе малышыларың.*

*Итті алып аңға шықсақ, құсты біреу
Еріне күміс балдақ қылып тіреу,
Жігіттің бес күн жарым ғұмырында,
«Па, шіркін, болса» деген бұл бір тілеу.*

*Таулардан түлкі қашса бұлдыр қағып,
Соңынан қуса тазы сылдыр қағып,
Кейінгі дабылшының айғайымен
Шайқақтап қыран ұшса бұлтты жарып.*

*Алғанда қыран бастан, тазы таңнан,
Құтылмас қашқан түлкі қос қыраннан,
Жігіттің бес күн жарым өмірінде
Мұншама қызық өтер сұм жалғаннан!...*

Ақын содан кейін аңшылықты сипаттаудың орнына, көңілін қыз жағына аударып:

*Күн ұзын түлкі қуып тауды айналып
Қарайып күн кеш болса көз байланып,
Олжаны қанжығаға байлап алып
Қонуға қызды ауылға ыңғайланып.*

*Желіккен сол көңілмен қайтқанда елге,
Мінген ат қарауытып батса терге.
Өлеңші, домбырашың қасыңда боп,
Кез болсаң қон алқаға бұраң белге.*

*Самауыр ақ шәйнекпен тұрса қайнап,
Отырса бір сұлу қыз көзі жайнап,
Ол күні қыз әкесі үйде жоқ боп,
Отырсаң әзілдесіп күліп-ойнап.*

*Шешесі желөкпелеу жастау келсе,
Ол қызға бір жеңгесі қастау келсе,
Бір жігіт аузы епті түлкі сойып
Әзілді қалжың сөзін бастай берсе.*

*Сол жігіт бастай берсе әзіл сөзін.
Қараса қызға жігіт қарап көзін
Ішінде махаббаттың оты лаулап,
Балқыса қорғасындай сонда сезім... —*

деп кетеді.

Сонымен, бұл туындысында Ыбырай қазақтың аңшылық өнерін поэзия тілімен шебер суреттейді. Халық әдебиетін еркін сусындаған ақын табиғат көріністерін, өз сезімін, аңшылықтың қызулы да қызғылықты сәттерін суреттей отырып, өзінің жанаша қалыптасқан ірі дарын екенін аңғартады.

Ыбырай әндерінің тізімінде «Қараторғай» деген шығарма бар. Оның сөзі [4; 99]:

*Шаш алмас жасық темір қайрағанға
Тамар су суат бермес жайлағанда.
Белің бу тәуекелге, ей, жігіттер,
Жазудан қайғы келмес ойлағанда.*

*Толмасқа құйма деген бір мақал бар,
Сый, құрмет неге керек тоймағанға.
Көңілің тас та болса бір жібиді,
Таңертең қараторғай сайрағанда.*

*Шекерден сезім тәтті тыңдағанға,
Алтыннан артық деп біл бұлдағанда.
Бай болсын мың жылқылы неге керек,
Айтысқан уағадада тұрмағанда.*

*Бір атым насыбайдан көңіл қалар,
Айта бер, айтсаң сағың сынбағанда.
Жатсаң да шырт ұйқыда оянарсың.
Сәскеде қараторғай шырқағанда.*

*Жағыну неге керек сүймегенге,
Қиянат қылмақ керек тимегенге.
Әуелде заты жаман төрге шықпас,
Қолтықтап жоғарыға сүйрегенде.*

*Шын жақсы бір айтылған сөзден таймас,
Сыртынан өзімсініп билегенде,
Толықсып қорғасындай денең балқыр,
Тал түсте қараторғай сөйлегенде, —*

деп келеді.

Ж.Бекенов Үкілі Ыбырайдың осы өлеңінің тарихын өз мақаласында былай әңгімелейді: «...Ақынға бір кездері мынадай ой түсті. Ақан ағаның бір кездері аңға алып шығатын бүркіті болды.

Сері оны «Қараторғай» деп атады. Одан кейін ел шетінде, тамырын тереңге жіберген, жапырақтары шаңырақтай жайылған қарт Қайың болатын. Төменнен самал жел есіп, жоғарыдан көлеңке түсіріп тұратын осы қайың түбінде отырып ән салуды, ойын-сауық құруды Ақан аға өте ұнатушы еді. Сонда ол бірде тамашалай отырып:

– Мен бұл ағашты жалғыз көлеңкесі үшін ғана ұнатпаймын, кешкілікте және таңертеңгі кезде осы қайың бұтақтарын сансыз көп қараторғайлар мекендейді. Олардың салған ұяларына дейін бар, әне. Панасыздарға пана, ал адамға саяжай болғаны үшін осы ағашты өте жақсы көремін. Ал, оны мекендеген ана қараторғайлар қандай десеңші. Кішкентай қанаттарын дамылсыз қағып, ағаш бұтақтарына келіп қонғанын, қатар-қатар тізіліп отыра қалуларын тамашалаймын да жүремін. Осы қараторғайлар жөнінде ән шығару ойымда болғанымен неге екені белгісіз аяқсыз қала береді деген еді...

Осыдан кейін Ыбырайдың күңгірт болған көп ойлары алакеуімденіп, айқындала бергендей еді. Ол ақырында «Қараторғай» деген ән болып шықты. «Қараторғайдың» көп кешікпей өлеңі де дүниеге келді, жарыққа шықты. Ал, бір күні Ыбырай Ақан серіге жаңа әнін тыңдатуға келеді.

– Ақан аға, өзіңіз қолқалап сұраған тілегіңізді орындағандай болдым, — дейді Ыбырай серіге сәлем беріп.

– Е, бәрекелді Ыбырай. Мен саған тегіннен-тегін сенім артып жүр деймісін. Ал, лебіңді тыңдайық, — дейді Ақан сері.

Ыбырай сол жерде «Қараторғайды» бірнеше рет қайталап айтып, Ақан ағаны аса қатты разы қылады. Көптен бері күпті болып жүрген жарымжан, қам көңіл «Қараторғаймен» бірге қалықтап қанат қақты, биіктерге шарықтады» [5].

1925 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған «Жазғытұрым» деген өлең [4; 106–108] ақынның табиғат бейнесін суреттейтін керемет шығармасы:

*Март ішінде қар кетті
 Кеңшілік келді, тар кетті.
 Қара жерге жайылып
 Бетіменен мал кетті...
 Байларға қосқан аз малын,
 Өзді-өзіне меңгертті
 Балалар бақ малыңды
 Ұмытпа адал еңбекті
 Қалың бұлтты қақ жарып,
 Күн көрсетті шуақты.
 Алты ай жатқан ақ күртік,
 Қимады жатқан тұрақты.
 Сол жақтан шыққан суық жел,
 Ақ күртіктің арасын
 Дем салғандай үшкіріп
 Үңгірлеп ішін құлапты.
 Шын келгенін білген соң
 Денесіне суық жел,
 Бізгәранып кірген соң
 Қара да бекіп тұрмапты.
 Жердің жүзі саз болып,
 Сазы жоқ жер аз болып,
 Сай-сайдан жылжып су ақты.
 Жол-жолын тауып бұрмаштап,
 Биіктен ақса құлаштап
 Демін алып кідірмей
 Көзі ілініп мүдірмей,
 Қаншама күндер түн қатты.
 Тіке тартып кете алмай,
 Жалпақ жерде ылбырап,
 Терең жерде тұнжырап*

*Биіктен ақса сылдырап,
Тұрымтайдан құлдырап,
Ақылға салсаң, қалайық,
Жалтаң-жұлтаң бұлт еткен,
Көрсетті аз күн бұлғақты.
Бастап жүрген басшы жоқ,
Бұраңдап жүріп бұлтыңдап,
Құятын барып жөн тапты.
Құстар келді шуылдап,
Қанаттары зуылдап.
Білгеніміше айтайын,
Бас-басына буындап.
Көк мойын таған құс алды,
Көрдік міне нысаңды,
Жалаңаш-жалпы шуылдап.
Бала-шаға қотанда
Алты ай көрген қысаңды
Жасыл шұбар жүні бар
Бұлбұлдайын үні бар
Қараторғай деген құс,
Оның да атын біліп ал...
Жер жүзі тойып ыңқылдап,
Буланып беті дымқылдап
Ителгі келді сыбанып,
Сұлу қыздай назданып,
Көмейден даусы сыңқылдап,
Сегіз найза қолында
Тұяқтың ұшы жылтылдап,
Екі көзі мөлдіреп,
Шабыттанып сымпылдап,
Ызғарын төгіп суық жүз
Аузынан жалын бұрқылдап.
Жұмыртқа іздер балалар
Өзекті, шілік, көлдерді,
Ізденіп жүріп аралар,
Балалықпен байқамай
Аяғын шөгір жаралар.
Бұдан басқа мың түрлі,
Ғажаптары жана бар.
Ойлап тұрсаң бұл кезді,
Қиялға қиял жамалар.
Құбылыстың мың түрін,
Қай ақын түгел шамалар.*

Ыбекеңнің осы туындысын С.Мұқанов былай бағалаған: «Қазақтың ауыз әдебиетінде көктем бейнесін бұдан көркем сипаттаған шығарманы мен өзім кездестірген емеспін» [6; 61]. Расында да сегіз буынды жыр үлгісімен шығарылған бұл өлең өте көркем. Қолданылған метафоралар, теңеулер өзінің дәлдігі, өткірлігімен оқушы назарын бірден аударады.

XX ғасырдың басындағы қазақ даласындағы тарихи-экономикалық өзгерістер, әлеуметтік теңсіздік, патша үкіметінің жүргізген отаршылдық саясаты Ыбекеңнің көзқарасына әсерін тигізбей қойған жоқ. Ақын «Жаңғызтау» (кейбір деректерде «Жалғызтау» деп аталады) деген толғауын [4; 100] шығарады:

*Жаңғызтау, төбең биік бұлттан асқан,
Сырласып сұлу күнмен құшақтасқан.*

*Оқалап қызыл пүліш шапан киіп,
Құлтырып май айында жұпар шашқан.
Сылдырап қойнауыңнан бұлақ ағып,
Қарағай, қайың, терек үкі тағып.
Сырласып қыз, келінмен көлеңкеде,
Назданған ғашықтықтың отын жағып.*

*Бауырыңнан қыран ұшып бұлттан асып,
Түйіліп тұлкіменен жағаласып.
Тыңдасаң жүрегіңді тербетеді,
Кеткенде бұлбұл, торғай әнге басып.*

*Көпіріп Жаманкөлде күміс көбік,
Бетінде толқын ойнап көрік беріп.
Арудың төстігіндей жұмарланып,
Көк толқын жатыр әне төңкеріліп.*

*Жорталы Жаңғызтауым, асқар белім,
Кір жуып кіндігімді кескен елім.
Ойнақтап ор киіктей тастан тасқа,
Құр-құрлап ағаш атпен кешкен жерім.*

Осы өлеңнің туу тарихы туралы жырдың жезкиігі Қ.Салықов: «Толғау іспеттес бұл тамаша шығармасын шындықтан алып отыр» десе, көп жыл акын өмірі мен шығармашылығын зерттеумен айналысқан белгілі ұстаз-әдебиетші, марқұм Сәркен Құлмағанбет өзінің «Қайран, Гәккү!» деген кітабында: «XX ғасырдың басында, яғни 1903–1907 жылдардан бастап орыс байлары қазақ жерін тартып алу мақсатымен, Ыбырайдың туған жері «Жалғызтау» төңірегіне келіп қоныстана бастайды... Орыстар «Жаманкөл», «Сасықкөл», «Сандыбай бұлағында» қоныстанып отырған Ыбырай ауылдарын қуып шығады. Үсейін деген батырын шауып өлтіреді. Туған жерден кету, көшу Ыбырайға оңай болмайды. «Жалғызтау» сол заманда дүниеге келген», — деп жазады [7].

Кейбір деректерге қарағанда, бұл өлең 1911 жылы шығарылған. Ол — Ыбырайдың кәрілікке мойынсұнып, өмірден түңіліп, уайымға беріле бастаған уақыты еді. Енді акын өзі өмір кешкен дәуіріне үңіліп қарап, байлау айтуға ұмтылады. Замана, дүние жайындағы ой-толғаныстарын тербейді [6; 62].

Міне, осындай өмірінің қиын мезгілінде «Патша үкіметінің саясаты» деген өлеңін [4; 108] шығарады:

*Қазақ халқы ішінде,
Бай болғанын ұнатты.
Жарлыны жардан құлатты —
Зар еңіретіп жылатты,
Абақтыда сұлатты,
Барар жер, басар тауы жоқ
Көшенің бойын таптатты.
Жалбыратып тымағын,
Қайда барсын сорлылар
Сөндірген соң шырақты!..
Тілеуі қабыл бұл қазақ.
Ақырын зарлап сұрапты, —*

деп, акын патша үкіметінің отаршылдық саясатын сынайды.

Ыбырай егде тартып, жасы келіп, құлақтың естуі кеміп, жүрек нашарлауға айналғанын сезіп, оның бәрінің сол кәріліктің келіп қалғанынан екенін біліп, «Көкейкесті» деген өлеңінде [8]:

*Кәрілік қатты соққан жсынменен тең,
Көзім көрмес болғанда, құлағым кем.*

атамайды. Алтынайдың жаманаты елге жайылмас үшін, оның ауылының тұрған жері «Алтыбасар» деген атпен ән [4; 96] шығарады:

*Қыз қайда енді, сәулем, сенен асар,
Көңілім сені ойлап болады нашар.
Айрылып сенен, сәулем, қайтқан түнде,
Әніне бір басайын «Алтыбасар».*

*Айрылдым сенен, сәулем, жылай-жылай,
Боламын неғып адам бұдан былай.
Қапаға мені, сәулем, салып кеттің,
Алты жыл ғашық болған, қарағым-ай.*

*Келуші ем кеш болғанда көңілім түсіп,
Ежелден қадірлестік бірге өсіп.
Астынан Ақсандықтың аттандырып,
Қалушы ең есендесіп қолды қысып.*

*Ей, қалқа, тасынушы ең бала құстай,
Аулыңа неше келдім ала қыстай,
Бір жаман мал бердім деп алып кетті,
Тұйғыннан жем айырған қара құстай.*

Ыбырайдың қолынан шыққан және көпке белгілі болған шығарма — «Арарай» әні [4; 102]:

*Мөлдіреп қарақаттай көз жанарың
Ер жеттің, енді келді сөз жазарым.
Сыртыңнан талай ғашық зарланып жүр
Сіз қалай жұбатпақсыз көп назарын.
Сүйгенім бұл дүниеден ғашық жарым,
Өзің бас жүрегімнің ынтызарын.
Тәуекел дариясына салдым кеме,
Білмей-ақ түн айығып, күн шығарын.*

Бір айта кететін нәрсе — ақынның бұл туындысының алдыңғы әңгіме болған «Қарақат көз» әнінің ырғағына, ойнақылығына, өткірлігіне жақындығы сезіледі.

Үкілі Ыбырайдың белгілі «Жиырма бес», «Желдірме» атты туындылары осы бір шығармашылық белесінде дүниеге келген сияқты.

Бір қызығы, әр кезең, әр заман, әр толқын кезінде өз «Жиырма бесін» тудырған. Солардың арасында Ыбырайдың «Жиырма бесі» қазақтың әншілік табиғатындағы теңдесі жоқ бір ғажап құбылыс.

Үкілі Ыбырай жиырмасыншы жылдардың аяқ кезінде тағдыры тәлкекке түсіп, Кеңес үкіметінің ең сенімсіз адамы болып, «халық жауы» атанып, әуелі өлім жазасына кесіліп, кейін ол он жыл түрмеге отыруға өзгертіліп, айдалып бара жатады. Жолшыбай сол төңіректегі Қарауылдың бір ауылына қонып отырып, кешегі бір таңды таңға ұрып, жас сұлудың бал сілекейін жұтып, гәккулеткен өмірінің жарқын сәттерін көз алдынан жайната бір өткізеді:

*Шіркін-ай, жігіттігім — жел секілді,
Кәрілік — түн, жігіттігім — күн секілді.
Қонақтап бір түн қонып өте шығар,
Бәрі де көрген бейнет — сел секілді.*

*Жас жігіт жайнап тұрған күнменен тең,
Күн де бір білмегенге түнменен тең.
Он бес пен жиырма бестің арасында,
Болмай ма, жігіт адам жынменен тең!*

Үкілі Ыбырай осылайша жер-көкке сыймай бұлғақтаған жиырма бестегі кезін өң мен түстей көріп, оның қадіріне ештеңені теңгермейді.

Ілия Жақанов «Пай-пай, жиырма бес» атты мақаласында [9] былай толғанады: «Үкілі Ыбырайдың «Жиырма бесін» Көкшенің көне көздері «Ыбекемнің өзімен бірге кетті ғой» десіп, күрсінетін-ді. Ал, бұл терме де өлмепті. Мен 2000 жылы «Рахат» телеарнасында «Сал-серілер» атты бағдарламаны жүргізе бастадым. Сол жұмыстың кезекті бір сәтінде Үкілі Ыбырайдың әндерін үш бөлімге топтап эфирден бердік. Сол әнгімелердің бірінде Қайрат Байбосынов ойда-жоқта Үкілі Ыбырайдың «Жиырма бесін» жарқ еткізгені. Менің қуанышымда шек болмады. Эфирдегі әнгіме үстінде Қайрат: «Сонау бір жылдары «Гүлдер» ансамблінің алғашқы гастрөлімен Көкшетау қаласында концерт бердік. Жас ансамбльдің сол бір қызықты концертінің үзілісі кезінде маған Мұса Асайынов есімді ақын әрі әнші кісі жолығып: «Қайрат, қалқам, Үкілі Ыбырай атаңның әндерінің бағына сендей тамаша әншіні берген екен, бұл тәңір. Сол айтып жүрген «Шалқыма», «Алтыбасар», «Гәккулеріннің» қатарына Ыбекемнің «Жиырма бес» атты термесін қос енді. Қағаз-қаламыңды ал да жаз. Әні былай...» деп, бас-аяғы төрт-бес минуттың ішінде осы термені айтып бергені. Ән бірден көкейіме қонды. Мұса ақсақалдың өзіне қосылып, екі рет қайталап айтып ем, ол кісінің толқығаны сондай, көзі жасаурап, үнсіз ғана мақұлдап, бас изеді. Көкшетаудан қайтқанша мен осы «Жиырма бесті» іштей айтумен болдым. Ал арада біраз уақыт өткенде Көкшетауға тағы да концерттік сапармен келгенімде Мұса ақсақалдың дүние салғанын естідім», — деді. Иә, сол жолы Қайрат Байбосынов Мұса Асайыновпен жүздеспесе, Үкілі Ыбырайдың бұл әні де, көкшелік қариялар айтқандай, «Ыбекемнің өзімен бірге кеткен» әні боп, оны ешкім іздемес те еді. Өмірлі әндер осылай жасай береді екен».

Ыбырайдың «Желдірме» атты әні [4; 101–102] қызық басталады:

*Заулап қал, тілім, мүдірмей,
Аққан бір судай, кідірмей,
Еркін жүйрік белгісі —
Бауырын жазбас жүгірмей, —*

деп, одан әрі былай төкпелеп кетеді:

*Пенденің бітпес жұмысы
Қара да жерге көмілмей.
Жайқалды, шіркін, қызыл тіл,
Күзгі бір піскен егіндей.
Сараңнан қайыр тимейді
Түйіп тепкен тебіндей.
Жолдас болсаң жақсымен,
Терең ойлы, ақылы кең,
Кіші пейіл, сыр шашпас
Мінезі, білім келсе тең.
Жанған отқа бір кіріп,
Жау қолына тастамас.
Ішіңе кіріп тор құрып,
Алдап сені қастамас.
Қайқақтамай көтерер
Досы үшін тау тасын.
Таза жүрек, ақ пейіл
Ренжітпейді жолдасын.
Өзің жалтақ, өсекшіл
Болсаң өмір оңбассың.
Іші құлық, сұрқия
Кездессең соған сорларсың.*

Бұл әннің Ақан серінің үлгісімен шығарылғаны сезіледі. Ыбырайдың Ақанды көруі, оның қасында болуы үлкен әсерін тигізген сияқты.

Үкілі Ыбырай көп сұлуларға көңіл артып, талай әндер шығарған. Той үстінде алып-қашып: «Сүйгенім кете барды қасыма еріп» [4; 97–98], — дегені де белгілі:

*Аузыма дүриа, гауһар сөзім келді,
Өзіңменен бірге өскен серің келді.
Қолға алып қу қарағай зарланайын,
Бекетжан, мұң шағатын кезім келді.*

*Не сыймас адамзаттың денесіне,
Құлақ сал, құрбы-құрдас, кеңесіме.
Тайпалған төрт Момынның жорғасы едім,
Ойнаған хан, қараның төбесіне.*

*Бір кезде аяқ емес, бас та емеспін,
Шаруаға олақ туған жан да емеспін.
Білмейтін алды-артымды, оңды-солды,
Ішіме кек сақтаған қас та емеспін.*

*Бір соғар содыр түбі дүние малға,
Өсіп ем залалым жоқ ешбір жанға.
Тырнақтап жиганыңды шашып-төгу,
Әуелден жазды ма екен мендей сорға.*

*Бір іске белді байлап мінген кезім,
Сымбатты бір сұлуды көрді көзім.
Айтқан сөз, уағадаға белді байлап,
Жөнелдім Мақпалды алып жалғыз өзім.*

*Ертерек қамданбадым артымды ойлап,
Нар кескен болат едім қойған қайрап.
Атығай, Қарауыл мен Керей, Уақ,
Баласын төрт Момынның жүрдім жайлап.*

*Жігіттің ең асылы мендей болмақ,
Үлкіер сүт бетінде болдым қаймақ.
Маңдайым жақсылардан қағылмаған,
Қамданбай жұртқа сеніп шықтым жайдақ.*

*Мен келдім жауға бермес елім бар деп,
Қорғайтын сал, серісін елім бар деп.
Жасекем, Масекем мен Жақып ағам
Шеті суат дария көлім бар деп.*

*Артымнан қуып келді жауым бар деп,
Мал берген қалыңдығым, жарым бар деп
Қол жайып ақсақалдар дұға қылса,
Өмірде ойламасын кемім бар деп.*

*Кімдер гашық болмаған көрген түске,
Тәңір ісі келмейді қол мен күшке.
Сайрандап дүрілдетіп жүрген шақта
Сүрлеулі жолға түстім жіп-жіңішке.*

*Қалтам тақыр қыз алар қалың беріп,
Жаным қалса жарайды елге келіп.
Күйеу келіп сайрандап жатқан түні
Сүйгенім кете барды қасыма еріп.*

Бұл өлеңнің шығуы жайында ақынның жолдасы Молдахмет Ержанов былай дейді: «Ыбырайдың жігіт ағасы болып қырықтың ішіне кірген, бірақ ақындық даңқы жер жарып дүрілдеп тұрған шағы, оның алдынан ойын, сауық, қыз-қырқын, сұлу қыз, әнші-ақын кетпейді. Бұрынғы әйелі өліп, қыз таңдап жүрген кезінде, бір талайдан бері таныс, іштей бірін-бірі ұнатқан Жәкеннің ұзатылар тойына келіп, сол той күнгі түнде қызды алып қашып, Атығай Бекет ақынның үйіне жасырады. Бекет пен қызды ертіп Қарауыл Қожахмет, Жақыптың үйлеріне келеді. Бұл екеуі де және Ақан сері мен Ыбырайға әрқашан дос Шалабай қария да, Керей ішіндегі шағалық рулас ел түгелімен Ыбырайды қорғап, алып қашқан Жәкеннің қалың малын бөліп төлеп, жанжалды басыпты» [6; 59].

Кезінде бұл жанжалды басу оңайға түспепті. Себебі ұзатылу тойынан қыз-келінді алып қашу өте үлкен күнә. Бірақ осындай үлкен дау-жанжалдың өзінде халық сүйікті ақынын арашалап алып, қуғыншыларға ұстап бермеуі Ыбырай абыройының қандай жоғары екенінің айғағы. Осы оқиғадан кейін жоғарыда аталған ән дүниеге келеді.

Ыбекеңнің еш талас тудырмайтын, күні бүгін қалың ел айтып жүрген тамаша әндерінің бірі «Қызыл асық» [10]:

*Қыз емес қыздың аты — қызыл асық,
Жастар көп қыз балаға болған ғашық.
Әзілмен ебін тауып сөйлемеген,
Жігіттің қарап тұрсам өзі жасық.*

*Қыз емес қыздың аты — қызыл киік,
Тараған тоты құстай шашын түйіп.
Қымбатты мінездері балдан тәтті,
Тұрады көрген жерден көңілің сүйіп.*

*Тұрмай ма жақсы қызға көңілің ауып,
Әзілмен сөйлеу керек ебін тауып.
Білетін құрбы жанын адам болса,
Ілгегін өзі ашпайма есік жауып.*

*Жақсы қыз істі май құтыдағы,
Жағуға әркім құмар оны-дағы.
Болғанда қыздар шабақ су ішінде,
Мен шортан мұны қуған жылымдағы.*

*Қыз емес қыздың аты — қызыл қыршын,
Менімен әзілдескен түрің құрысын.
Сертіңнен күндіз берген түнде тайып
Қойдың ғой сипалатып жүктің бұрышын.*

Ауыз әдебиеті тарихында әндер мен күйлердің ауыс-күйіс жүру құбылысы жиі кездеседі. Бірақ Ыбырайдың «Қызыл асығын» олай-бұлай тартқылап Балуан Шолаққа апарып телуді жөн көрмейміз.

«Гәкку» әні — Ыбырай шығармашылығының шыңы

Үкілі Ыбырайдың әндерінің ішінде әлемге кең тарағаны «Гәкку». Бұл ән Қытайда айтылғанын ақын Марфуға Айтқожадан естідік. Белгілі мәмілегер Сайлау Батырашұлы «Гәккуді» жуырда Парижде естігенін бізге үлкен құлшыныспен жеткізсе, неміс тілінің мұғалімі Мағрифа Сейітбатталова «Ганноверде шырқалған «Гәкку» атты мақаласын «Астана ақшамында» жариялады.

Кезінде осы әннің шығуы жайлы Ыбекең былай баяндаған: «...Ән, жиын қуып жүрген кезім, Кәкима деген сұлу қызға әнмен өлең шығармақ болдым. Күндер, айлар толғанып жүріп, бір шілдеханада Кәкимаға осы ойымды білдірдім. Кәкима да домбырамен өлең айтатын. Домбыра кезегі келгенде әлгі қызым маған күлкілі көзін бір қадады да, өлеңді қоя беруі бар емес пе?

*Ақынға неге керек құр мырзалық,
Сүйгенін жаутаңдатып ойға салып.
«Айтатын сертіңе жет» деген мақал,
Болмай ма ән шығарсаң өмірге азық.*

– Жаман қатты ұялдым... аузыма түскені:

*Таусылмас дариясы әзіл, наздың,
Мамығы жаныма ем қоңыр қаздың,
Қыл арқан ат мойнында шірімейді,
Періште, жауабыңа қарыздармын, —*

деп кете бардым [6; 56].

Осыдан кейін біраз уақыт өткен соң әйгілі «Гәкку» әні (бірінші түрі) [11; 17] дүниеге келеді:

*Құс салып, айдын көлде дабыл қақтым,
Ән салып, талай елдің дәмін таттым.
Жетсін деп осынау дауысым «Гәккуіме»,
Гәккуді қайтқан қаздай мамырлаттым.*

*Түрлентіп тоқсан түрлі ән саламын,
Жай тастап құлашымды кең жаямын.
Түскенде сен есіме ерке «Гәкку»,
Құлпыртып осынау әнді толғанамын.*

*Таранған аққудайсың айдын көлде,
Көз тартқан шолпандағы алтын теңге.
Қарағым, айналайын кез келдің зой,
Атанған ақын Ыбырай біздей ерге.*

Бұл әннің шығуына, біріншіден, қызға берген уәдесі түрткі болса, екіншіден, Кәкимаға деген ыстық сезімі итермелейді.

Көп кешікпей бір тойда Кәкимамен дидарласар, махаббат буын бұрқыратар сәтте «Гәккудің» түрлене түсіп, екінші түрі шыққан екен [11; 17–18]:

*Құс салып, айдын көлде дабыл қақтым,
Ән салып, талай елдің дәмін таттым.
Жиналып қыз-бозбала отырғанда,
«Гәккуді» қайтқан қаздай қаңқылдаттым.*

*Шүрегей көлден ұшқан сіз бір тарғақ,
Мұхиттың айдынына салдым қармақ.
Іліксе қармағымға іздегенім
Басайын аяғымды алғақ-шалғақ.*

*Салайын «Гәккуіме» өлеңдетіп,
Мал бітсе кей адамның көңілі тетік.
Ақ тамақ, үкілі бөрік, сұлу қыздар,
Балқысын қорғасындай ой тербетіп.*

«Гәккудің» бірінші түрі кездесудің бастапқы жолдарын әнге қосса, екінші түрі екі жастың көңіл қосарлықтай қуаныштарын баяндайды.

Сәті түсіп бір жиында кездескенін пайдаланып, көкірегін дерт меңдеген ақын өмірдің бар шындығын «Гәккудің» үшінші түрінде ашып береді [11; 18]:

*Түрлетіп тоқсан түрлі ән саламын
Жай тастан құлашымды кең жаямын.
Түскенде сен есіме ерке «Гәкку»,
Құлпыртып осынау әнді толғанамын.*

*Асығыс бара жатыр өмір өтіп,
Өрт шалған табар ма екен көңіл тетік.
Көргенде ажарыңды айдан анық
Алайын қайғы жерді жеңілдетіп.*

*Шомылған дарияда сен қоңыр қаз,
Әнімді естіртейін айтып бір наз.
Айырылып сенен сәулем қалған күні.
Дұшпаным масайрады-ау болып бір мәз.*

*Дарияның ортасында сіз қоңыр қаз,
Қалқама көңіл сүйген айтамын наз.
Толықсып, мың құбылған «Гәккуімді»,
Өзімдей үйреніп ал, бір сал маңғаз.*

Үкілі Ыбырайдың үздік шәкірті Молдахмет Тырбиұлы «Гәккудің» үшінші түрін «Қайран Гәкку» деп атап, ал төртінші түрін [11; 19] «Қайран Гәккудің» екінші түрі» деп атау керек деп толғаныпты:

*Қыздан да қылықтымын жүрген жерде,
Ханнан да қадырлымын туған елге.
Ақ тамақ, шұбар бауыр, қоңыр қаздай,
Сала алмас «Гәккуіме» ешбір пенде.*

*Ақынға қиын емес өлең деген,
Адамның ойында жоқ өлем деген.
Ақ көйлек, үкілі бөрік қыз секілді,
Басайын «Гәккуіме» көлеңбеген.*

*Дүниені сайран қылған мен бір сері,
Бұл әнді айтып жүрмін көптен бері.
Ақ тамақ, алма мойын қыз секілді,
Басайын «Гәккуіме» әрлі-берлі.*

«Гәкку» — үлкен жүрек, шын сезімнен шыққан ән. Ақын «Гәкку, гәкку, гә, гә, гә» деп безілдетіп жібергенде айдын көлде еркелеп жүзіп бара жатқан аспан мен судың періштесі — аққу көз алдымызға елестейді. Бұл әнде үлкен мағынадағы «Поэзия» мен «Музыка» толық үйлесім тапқан. Лирикалық кейіпкер ғашығын бірде айдын көлде таранып жүрген аққуға теңесе, бірде дарияның ортасындағы қоңыр қазға теңейді.

Әйгілі ақын К.Салықов «Гәкку» атты кең көлемді мақаласында [12] Ыбырайдың осы керемет әні жайында өз ойын былай тұжырымдайды: «Гәкку — арман, Гәкку — тағдыр, Гәкку — қазақ өнерінің сөнбес жұлдызы. «Гәкку» 1934 жылы (либреттосын Ғабит Мүсірепов жазған) Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсындағы Жібектің ариясы болып жарқ етті. Бұл ария бүкіл операның музыкалық негізгі әуенін, басты сарынын құрады. 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ өнерінің онкүндігінде Жібектің ролінде ойнаған бұлбұл үнді Күләш Байсейітова «Гәккуді» бірінші рет орындап, КСРО Халық әртісі атанды. «Гәкку» деген ән жұлдызы мен Күләш деген әншіліктің жұлдызы қатар жанды. Күләштің де, «Гәккудің» де атақтары айға жеткендей ұлттық өнер өрісі кеңейді. Қазақ деген өз атын жаңа иемденген халықтың әні — «Гәкку» әлемдік өнердің биік өресіне көтерілді.

Халық ақыны, Үкілі Ыбырайдың төл шәкірті, тамаша әнші Молдахмет Тырбиев «Гәккуді» айтқанда ерекше толғанатын. Әсіресе қайырмасын қырық құбылтқанда естір жанды естен танғандай балқытып әкететін де, атақты ұстазының әншілік әлеміне апаратын. «Гәккуді» орындаушылар аз болған жоқ, олардың ішінде үздік орындап, қалыбына дәлме-дәл түсіруші ақиық ақын, асқақ әнші Иса Байзақовтың айтуымен нотаға түсірілген. Молдекең Күләш айтқан «Гәккуді» қуаттап, Иса ағамызға да алғысын айта отырып: «Ұлы ән ұшқыр қалпында, аққу-қаздың қаңқыл-саңқылындай құс үнімен үйлесіп, түпнұсқадан аумапты, тек қана Е.Брусиловскийдің операға икемдеп қайырмасын канаттандыра түсетін сәл-пәл қосымшасы бар», — дейтін. Үкілі бабамыздың аруағы қолдап, бұл ұлы

сапарға туған жиені, әйгілі ақын, үздік әнші Тайжан Қалмағамбетов барып, Күләш «гәк-гәкке» басып «гәккулетсе», ол сырнайын өзімен бірге сақ-сақ күлдіріп, нағашыдан бағы ашылған сәтін көрді. Дүние телегей теңіз «гәккушіл» әуенге толқып кеткендей көрінді. Қазақ әні шексіз биікке көтерілді.

Бір сөзбен айтқанда, «Гәкку» Үкілі Ыбырайдың музыкалық өнеріндегі ғана шырқау шыңы емес, ол бүкіл қазақтың халықтық музыкасындағы озық туған құбылыс.

*Ақынның философиялық шынайы толғаныстарға құрылған
«Қалдырған» әнінің туу тарихы*

Кенес тұсында Ыбырай жасы біразға келіп қалса да, ән мен өлеңін үдете түспесе, әлсіретпейді. Ақын жасы алпысқа келгенде өмір, дүние турасында философиялық шынайы толғаныстарға құрылған «Қалдырған» әнін [4; 100–101] шығарған:

*Жасымда болдым балдырған,
Талайды сөзге қандырған.
Сол балдырған кезімде
Ғашықтық оты жандырған.
Айналайын халқыма
Маңдайдан шырақ жандырған.
Мәжілісімді көркейт деп
Халқым бір қалап алдырған.
Бір сағатта он көрсе,
Халқыма әнім жаңғырған
Құрбы-құрдас, замандас
Іздеп кеп атын шалдырған
Сүмбіленің бұлтындай,
Сөзім де жиі жаңбырдан.
Алтысқа келіп ән салып,
Атын бір қойдым «Қалдырған».
Шіркін, дүние, кең едің,
Біраз күн аздап бөгедің.
Орта жүздің ішінде
Ән шырқаған мен едім.
Сарыарқаны сайрандап,
Талай сарқыт жеп едім.
Қартайғанда, дүние-ай,
«Қайдасың Ыбырай?» демедің, —*

деп, жігіттің бағланы, елдің ағасы болғанын мөлдірете баяндайды. Сонан соң әрі қарай:

*Қызығың, дүние өткен күн,
Кейінгі қуып жеткен күн.
Байланбаған асаудай,
Сырт айналып тепкен күн.
Қара бура қартайып,
Жар басына шөккен күн.
Қарлығып қарттың дауысы,
Жалтар желдей ескен күн.
Берейін, жастар, батамды,
Сендерге тізгін көшкен күн.
Кәрілер бесік тербетіп,
Жастар гүлдеп өскен күн.
Жасымда өстім қандай боп,
Күмістен тартқан сымдай боп.
Болам деген ой бар ма
Аппақ қу шұнақ шалдай боп, —*

деп, бұл жалғанның баянсыздығына, тұрлаусыздығына, ойын-сауық, той-домалақтың гүлі болған жауқазын шақтың оралмайтындығына өкінеді. Ең соңында:

*Алтысқа келдім, жамағат,
Шықпады ешбір жаман ат.
«Қалдырғанды» тапсырдым,
Сұраған, саған аманат, —*

деп түйіндейді. Осы тамаша әннің туу тарихы жөнінде Ыбекең былайша әңгімелейді екен: «Жан киналмай ән тумайды, ән де келіншектің толғатып ұл тапқанындай... Жақсы әнім туарда түсімде жақсы келіншекті көретін ежелгі әдетім еді. Келіншек күлімдей қарап, сыңсып ән салып оң шырайын берсе, әнім ойдағыдай сұлу болып шығар еді. Дәл «Қалдырғанды» шығаратын түні ел жайлауда, Сасықкөлдің басында еді. Қалың ел іші болатын, түсімде сұлу келіншек кіріп, күлім қағып, оң шырайымен қарады, әдемі бір ән салғандай болды. Ояна келсем, көкірегім күмбірлеп, әлгі ән әлі сайрап тұр екен... ән сазы да, өлең сөзі де құдайың өзі ауызға салғандай жарастық тауып, сылдырлап ыңғайыма орала берді... Әнімді қайта-қайта айтып жаттығып жатырмын. Көз алдымнан күлімдеген сұлу келіншек, сұлу ән де енді кетер емес. Сол кезде даусымды естіп, баламдай көретін ақын досым Сұраған кіріп келді. Жаңағы әнімді қайта-қайта айтқызып, тез жаттап алды...» [13].

Бұл сүйікті әнін Үкілі Ыбырай Сұраған деген шәкіртіне табыс етеді.

Ы.Сандыбайұлы — жөппелдемеде жыр тасытатын айтыстың ақтангері болған

Импровизатор Ыбырайдың тыңнан суырып салып айтқан өлеңдері де (Доскей, Құдайберген, Есімсейіт ақындармен сөз жарыстыруы) көп.

Доскей Әлімбаев (1850–1946) — халық ақыны, ҚазКСР-нің еңбек сіңірген өнер қайраткері. Ол жас шағында өнер мәдениетіне әйгілі Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Балуан Шолақтан үйреніп, оларды өнеге тұтқан. Өз жанынан өлеңдер шығарып, кедей малшы-шаруалардың мұң-мұқтажын жырлаған. Отанды, Қарағандыны жырға қосқан [14].

Үкілі Ыбырай Доскеймен айтысында заманы, халқы жайында өз толғауларын былай аңғартады [15]:

Доскей:

*Уа, інішек, жүрмісің есен-аман?
Сені тақ-тақ жаратқан хақ тағалам.
Қай ру, қай нәсілден боласың сен,
Әуелі соларыңды айтшы маған.*

Ыбырай:

*Төрт момындап келгенде, қалың шормын,
Елім бай, шалқып жатқан көлден молмын.
Келген бұлт төбесінде қақ айрылған,
Атығай, Қарауылдай егіз елмін.*

Доскей:

*Інішек, сөз сөйлейсің әрбір тұстан,
Шын айран көз екенсің қолды қысқан.
«Қоян» деген зымыстан жұт боп еді,
Жаным-ай, елің қалай биыл қыстан?*

Ыбырай:

*Нәпсіге артық шешпейік ұзын бауды,
Ойға алып, тоқтатайық нәпсі жауды.
Жалпы елдің іргесі аман қалып,
Жұт болды әр жерінен ала жаулы.*

Доскей:

*Інішек — жақсы болса, құрық, қанат,
Бас қостық мұнда келіп жақсы сағат.
Құдайберді, Бәйімбет, Қойлы, Сағатай,
Аман ба, Кәдір, Бағыс сау-саламат?*

Ыбырай:

*Доскей ақын, сұраған елің аман,
Мені тақ-тақ жаратқан хақ тағалам.
Ит жүгіртіп, құс салған нешік ерлер,
Көрген асқар, адыр, белім аман.
Көрінген сіздің жерде бел аман ба?
Қоңыр қаз төскеп ұшқан көл аман ба?
Майлы тондай ажары жылтыраған,
Бесқозының мекені — жер аман ба?*

*Бегендік, Шегендік пен Қозған, Қақсал,
Төртуыл мен Қарақойлы ел аман ба?
Жасынан Орта жүзге аты шыққан,
Мейрам мен Жаманкөздей ер аман ба?*

Доскей:

*Інішегім, сөйлейсің сөзді қамдап,
Бас қостық осы арада тәңірі оңдап.
Біздің елде тоқшылық, жұт болған жоқ,
Базарлап жүр ғой әне, өңшең саңлақ.*

Ыбырай:

*Ол рас, ер-тоқымы жер кесіп жүр,
Біздің елдің мырзасы жөндесіп жүр,
Бір ер-тоқым жетеді қайсысына,
Мейманың сусын таппай шөлдесіп жүр.*

Доскей:

*Сәрке қажы алдында биік төбем,
Есімсейіт дарияда алтын кемем,
Қашан біздің меймандар шөлдеп еді?
Алжасты, жалған айтып, мынау неден?*

Ыбырай:

*Ей, Доскей, тілің бар ғой сораңдаған,
Нәпсің бар аш күзендей жалаңдаған.
Табаның жалғыз сағат жерге тимей,
Қашқынсың әр нәрсеге арандаған.
Аққошқар мен Сайдалы ауылына
Барғанда, Серәліні қондырмаған.*

Доскей:

*Өлеңге дәл өзіңдей мен де құмар,
Өлеңменен өртермін ұмар-жұмар.
Бар еркегі базарға кетіп қалып,
Ұрғашы қадір білмей жүрген шығар.*

Ыбырай:

*Мен шықтым Қарауыл мен Атығайдан,
Естірсің түрлі кеңес Ыбырайдан.
Бар сауынын базарға айдап сауып,
Алдымда не күйің бар тапсынғандай.*

Доскей:

*Жібермейін дедің бе намысыңды,
Көрсетейін дедің бе шабысыңды.
Бір аулымнан өреді он мың қара,
Салыссаң, салысып көр табысыңды.*

Ыбырай:

*Өнермен таныстырдым оң мен солды,
Дәулетке көре алмассың менен молды.
Кеше арналып көшкенде, алтын артқан
Естіп пе едің Атығай Қосшығұлды?*

Доскей:

*Осылай мақтандың ба, Ыбырайым,
Бізді тақ-тақ жаратты бір құдайым.
Тұяқты жерді басқан малды айтсаңшы,
Тасыңды жерде жатқан не қылайын.*

Ыбырай:

*Ыбырай Қарауылдан нәсіл еді,
Өлең айтсам мұрадым қасыл еді.
Атқа балап алушы ең алтын жүзік,
Ол тас емей, атаңның басы ма еді?*

Доскей:

*Ой, шырақ, өлеңшіге ұнау керек,
Ағасының сөзіне шыдау керек.
Келмей жатып бетімнен тырналама,
Әдеппен ел-жұрт жайын сұрау керек.*

Бірде Атығай Қожахмет отыз кісімен Көкшетауға құдалыққа кетіп бара жатып, жолда жас та болса Қыпшақ Құдайберген ақынды ала кетеді. Жолда бұлар бір ауылға түсіп отырғанда Ыбырай келіп қалады. Ол кезде Ыбырай елу шамасында екен. Ол осы үйде ақын отыр дегенді есітіп, сырттан өлендете келеді:

*Есіктен кіріп келдім басып қадам,
Он үште сөз сөйлетті хақ тағалам.
Ассалаумағалайкум, үлкен аға,
Қызығың құтты болсын тақсыр бабам.*

*Асқар тау қиядағы белден келдім,
Тасыған дария бұлақ көлден келдім.
Көкшетау дуанындағы атым Ыбырай,
Татуға зәмзәм суын шөлдеп келдім, —*

дейді. Сонда бала жігіт Құдайберген тұрып:

*Уағайлейкүмассәлем, Ыбырай аға,
Мейірбан дидарыңды көрдім жаңа.
Адамға бір ганибет дидарласпақ,
Елу жылда — ел, жүз жылда — қазан жаңа, —*

дегенде, Ыбырай оған қарап, бас аяғын тегіс шолып:

*Көкшетау дуанында атым Ыбырай,
Патшаға сөз сөйлеуші ем бір жылымай.
Алдыма ешбір адам шыққан емес,
Шықты ма жер астынан мына сұмырай? —*

дейді.

Құдайберген оған ашулана қоймай, сыпайы түрде:

*Ыбеке, сұрасаңыз, затым Қыпшақ,
Арғы атам сұрасаңыз, Сейіт болмақ.
Баулының тоқсан екі бұлбұлы едім,
Сайрайды өлең десем тіл менен жақ, —*

дейді.

Екеуі одан әрі біраз айтысады [16; 256–259].

Ыбырай:

*Ия, балам, сен мәз болма ішпей-жемей,
Жол берген әркім маған кімсің демей.
Кереку, Омбы уезі маған мағлұм,
Жазбайтын қолын бүйтіп сорлы кедей.*

Құдайберген:

*Ыбеке, ел қаралау сізге жөнбе,
Барыпсыз мырза болып біздің елге.
Жерің жоқ кіна қояр мырзаларға,
Керек пе мырзаларға сіздей делбе.*

*Қатты-қатты сөйлесем, дұшпан — дейсің,
Бөгелсем, балалықтан пысқан — дейсің.
Кетпесін бүйте берсең миың шіріп,
Қартайған кәрі бүркіт тышқан жейсің.*

Ыбырай:

*Ия, балам, шықтың сөзге мына дайын,
Мен саған көрсетейін сөз ыңғайын.
Симаған тіл аузыңа ақын болсаң,
Үш ауыз кеңесім бар мен сұрайын.*

Құдайберген:

*Аспанның бауыры жазық бір кең дала,
Жаратқан ғарып қылды құдай пана.
Ақын боп сөзден қаишақ жүреміз бе,
Ыбеке, кеңесіңді сұрап қара.*

Ыбырай:

*Ия, балам, тыңдап отыр сөзді барлап,
Мен саған ұқтырайын сөзді ыңғайлап.
Мұқаммет пайғамбардың заманында
Бір-ғарып дарияға салды қармақ.
Дарияға сол ғарыбың қармақ салып,
Алыпты дариядан нені қармап?*

Құдайберген:

*Ыбеке, түсіп кеттің бұл мінезге,
Жоқ па еді жұмбағыңыз бұдан өзге!
Моллалар шариятқа қарап отыр,
Қалмасын бір жаласы соңыра бізге.
Сегіз жыл мектеп жүзін көріп едім,
Кітаптан көрініп тұр біздің көзге.
Қамыстан күркесі бар бір кемпір, шал,
Бір түнде жайнамазға жатып жылар.
Жылағанда мал бер деп, жылаған жоқ,
Құдайдан жалбарынып бала сұрар.
Алла емес, түсінбейтін айтқан сөзге,
Тілегін қабыл етті сол бір кезде.
Дейтұғын Зейінлабиден бала туды,
Нәрсесі қармақ салған сол емес пе.
Дыбыста зират көпір дәл қасында,
Күмбезде Зейінлабиден тұр емес пе.*

Ыбырай:

*Ия, балам, нағып болды саған оңай,
Құрылған мен емес пе сөзге тоғай.
Симаған тіл аузыңа ақын болсаң,
Қонады бір ағашқа дәл үш торғай.
Екеуі ұшса, бірі қозғалады,
Бірі қалып, екеуі жоғалады.
Ия, балам, бұл жұмбақты шешіп берсең
Осыдан ақындығың сыналады.*

Құдайберген:

*Ыбеке, бұл сұрағың мін емес пе,
Әгеркі шешіп берсем жән емес пе.
Екі торғай дегенің ол екеуі
Ұйықтап барып ашылған көз емес пе.
Жалғыз бір торғай дегенің қаза келіп,
Кеудеден шығатұғын жан емес пе.*

Ыбырай:

*Он алты дария бар көз көрмеген,
Ішпеген онан пәнде кез келмеген.
Он алтысын қақ жарып жүзге бөліп,
Жартысын пәнделерге өлшеп берген.
Білейін, ия, балам, жүйріктігің,
Бекінді бұл кеңесім қайсы жәнмен?*

Құдайберген:

*Ыбеке, адам жоқ қой кәсіп тыйған,
Пәндеңіз кең сарайда дүние жиган.
Он алты дария бар дегеніңіз
Аятпенен бекіткен он алты имам,
Жасымнан сөйлер сөзге болдым құмар,
Сөйлесем жүйріктермен көңілім тынар.
Үш ауыз сөзбен бөгелтем деп еді зой,
Ыбырайды, тақсыр, төре, үйден шығар.*

Құдайберген осылай дегеннен кейін Ыбырай ешбір жауап қайтара алмай, үнсіз қалыпты.

Осы айтыс туралы жазушы А.Жақсыбаев «Иса ақын» деген мақаласында [17] мынадай қызық дерек келтіреді: «Отырысты жандандырып, көптен күткен көңілдегі әндерді салып, мұңы мен назы, сағынышы, өкініші аралас «Гэккуді шырқаған арқалы әншіге ерік беріп, тындаушысының соншалық үздіккенін көз астымен бағып елеусіздеу отырған Нұртаза бір мезгілде Құдайбергеннің тыныс алған сәтін пайдаланып, әңгіме арқауын жалғастырып, көптің көкейінде тұрған сұрақты сыртқа шығарды.

Құдайберген, бастапқы бір сөзінде «Үкілі Ыбыраймен айтыстым» деді де, көңілімізді күпті етіп әнге ойыстың. Сол айтыс қалай болып еді, мына отырған көпшілік соны өзіңнен естігісі келеді, — деді.

– Иә, иә, — деп, көпшілік елең етісіп, білуге құмартып мазасыздана бастады. Құдайберген түзеліп отырып, асықпай сөйлеп, Үкілі Ыбырайға деген құрметінен жаңылмады. Бөлмеде тыныштық орнап бәрі Құдайбергенге қарай қалысты.

– Өзім құдайдай көретін Ыбекеңмен айтысамын деп ойлаған емеспін. Бәрі күтпеген жерден, табан астында туындап, айтыспасқа қоймады. Осы сапарда біздің елдің бір игі жақсысы Көкшетауға құдалыққа бара жатып, мені әрі ақын, әрі әнші деп өз тобына қосып, бірге алып жүрді. Барып түскен үйде ойын-сауықпен көңілденіп отырғанда Үкілі Ыбырай кіріп келді. Үй иесінің қызығына өлеңмен құтты болсын айтып сәлем берді. Сонда бас құда боп барған кісі маған иек қағып, өлеңмен сәлемдесіп, таныстыруды мегзеді. Жүрексініп, Ыбекеңнің айбарынан жасқансам да шабыт қысып, намысқа басып, өлеңмен біраз сөйлеп бердім. Ыбекең де өршеленіп, сөз аяғын күтпей, тізгінін қоя берген жүйріктей бастырмалатып алды-артымды орап, ықтырып алғысы келді. Жиналған жұрт екіге жарылып, қолпаштап, көтермелеп, үн қосып, бәйгедегідей қызбаланып жатты. Мұндайда қысылғаннан ащы терің шығады екен. Аянып қалудың ешбір реті жоғын біліп, мен де сөз жарыстырып, жасы үлкен жақсы ағадан қалыспай, тайталасып бақтым, — деп сөзін аяқтағысы келіп еді, отырғандар айтпасына қоймай, жан-жақтан қолқалап, сөздің жалғасын шыдамсыздана күтті. Көпшіліктің ыңғайына бағынып, Құдайберген сөзін айтысқа қарай жетеледі.

– Содан не керек, Ыбекең қыза келе, «Келсең де қонақ бола бойынды бақ, Желкеңнен мен бір бүркіт шайнайтуғын» деп тұқыртып, ерікке жіберетін емес. Мен де қарап қалмай, сөз асырмақ боп «Шайнайтын желкемізді дәмең болса, Қартайған кәрі бүркіт тышқан жерсің» деп, төтесінен қойып қалдым. Ыбекең бұл сөзді кек тұтты білем, «Мен саған көрсетейін сөз ыңғайын» деп, айтысты жұмбаққа айналдырып, шешуін күтті. Өлеңмен үш рет жұмбақ айтты. Үш рет мен де жұмбағына дәл тауып жауап қаттым. Содан кейін өз жанымнан бір шумақ өлең қосып, тоқтатпақ ниетпен «құтам» деп бекерге әуре боласыз дегендей қаттылау кетіп, тигізе сөйледім. Осыдан кейін ештеңе демей бөгеліп қалды. Мен жеңдім, ол жеңілдім демеді. Айтысты әркім өзінше бағалап, жеңісті өздерінше ұйғарды. Осы ойын-тойда тәтті сыйластықпен мені қасына отырғызды. Көпшіліктің қалауымен жаңа айтқандай беріліп, ырғағымен бар нақышына келтіріп, «Гэкку» әнін шарықтатып, көңіл сырын жария еткендей тебіреніске түсті. Көңілі босамаған жан болмады. Жүректерін сезім шарпыды. Ынтызарлықпен үн қатқан дауыстың дірілі құлақтан кетпестей, ұмытылмастай болды. Кетерінде Ыбекең маған батасын беріп, көптің алдында көңілімді өсірді. Екеуіміз жақсы айырылыстық. Жаратылысы бөлек жан ғой. Оған жету қайда, — деп, елжірей сөйлеп, еріксіз бөгелді».

Үкілі Ыбырай Есімсейіт (кейбір деректерде Есімбет) деген ақынмен де сайысқан. Есімсейітке Ыбекең өзін таныстырғанда кім екенін былай айтып өлеңдетеді [16; 251–252]:

*Есеке, Арғын болсаң жақыныңмын,
Қызыл тілден жүлде алған батырыңмын.
Атығай, Қарауылға аруақ шашқан,
Ыбырай бесті жүйрік ақыныңмын.*

Бұл айтыс ұзаққа созылмай, тоқтайды.
Есімсейіт:

*Өлеңші, тіленшімен пақыр деймін,
Өлеңңді оңды-солды сапыр деймін.
Өнерің өлеңшімнен асқанда ал,
Қайда кетті, әлгі Доскей, шақыр деймін.*

Ыбырай:

*Есеке, көп келгенмін Атбасарға,
Танысайын деп келгем жақсыларға.
Өлеңге, өлең сата жүргенім жоқ,
Өзімде өлең деген он екі арба.*

Есімсейіт:

*Байқаймын жігіттікте сен бір гүлсің,
Қадіріңді тең құрбың ойлап білсін.
Өнерің болса тартынбай тобыма түс,
Қорғалап қашам десең мейлің білсін!*

Ыбырай:

*Есеке, Атбасарға көп келгенмін,
Жақсылардың сарқытын жеп көргенмін.
Айтысып өлеңімен азаптанбай,
Ат пен шапан киемін деп келгенмін.*

Есімсейіт:

*Бүйте берсең бұл жиын тарар деймін,
Сенің үнің әр жерге барар деймін.
Сен қолыңа шалғы алып шөп шаппайсың,
Бір түніңе үш сом ақша жарар деймін.*

Ыбырай:

*Есеке, сенің сөзің шекер мен бал,
Өлеңшіге бек мұқтаж зой дүние-мал.
Аталы сөзге арсыз тек таласады,
Олай болса үстелге бәйгімді сал.*

Ыбырайдың жас кезінен құрбы-құрдастарымен әзіл-қалжыңы аралас сәлемдесу, қағысу ретінде айтылған өлеңдері болған. Үлкейе келе өзінің ұстаздары Орынбай, Ақан, Біржан, Шөже ақындармен де қағысып, өлең шығарған. Қазірге қолда бары — біз жоғарыда келтірген Доскей, Құдайберген және Есімсейітпен айтыстары. Олар 1965 жылы жарияланған «Айтыс» жинағының бірінші томында жарық көрді. Осы үш айтыстың үшеуінде де Ыбекең қарсыласына әр түрлі сауалдар қоя отырып, қалың топты қақ жарып шыққан нағыз айтыс ақыны екенін байқатқан.

Түйін

Жинақтап айтқанда, Ыбырай Сандыбайұлы поэзияның жаңаша түрлерін аша біліп, сөз сарасының інжу-маржанымен ән әуенін атастыра білген тапқыр талант. Үздік ән мен ұшқыр ойды ұштастыра біліп, ұшар құсқа қос қанат байлап бергендей ән шығармасына зор мән берген тынымсыз талпыныстың иесі. Ол — әрі керемет ақын, әрі аруақ қонған композитор, қатарынан асып туған үздік әнші. Үш өнері біріне бірі ақ жол тілеп, бірі бірінің алдына шырақ жағып берген ғаламаттан ән жұлдызы — «Гэкку» туып отыр. Халық «Гэккуді естісе, Жібектің бейнесін бірінші рет сахнада жасаған біздің заманның ұлы әртісі, әншісі Күләшті көз алдына келтіреді. Ал Күләштің аты аталған жерде «Гэкку» ауызға алынбай қоймайды.

Сондай-ақ Ыбырайдың «Арарайы» «Ер Тарғын» операсында Ақжүністің әні болып енді. Мұның бәрі де дарынды композитор, асқан әнші Ыбырайдың шығармашылығында заманның алдын ораған прогрессивтік тілі, демократиялық негізі болғандығын дәлелдейді.

Сөзімізді белгілі жазушы, қарағандылық ақын Жайық Бектұровтың «Үкілі Ыбырайға» арналған мына бір өлеңімен аяқтағанды жөн көрдік:

*Аққуға аспандағы үнін қосып,
Отырған қалың жұрты жолын тосып,
Бұлбұлды күміс көмей орға жықты,
Құманбай — Жұманбайлар итін қосып,*

*Шырқаған әні балдай қызыл асық,
Үніне нелер сұлу болған зашық.
Атты жау ән қанатын қалықтаған,
Кеткен де белден асып, таудан асып.*

*Ақынды қартайғанда қамағанын,
Қосқанын оған көп ит қабағанын,
Не дерсің жетпісінде тұтқынға алып,
Сабазды абақтыда сабағанын.*

*Атыңнан айналайын, Ыбырайым,
Жаратқан сені бөлек бір Құдайым,
Әдемі ән, өткір тілді жау деп білген,
Жауызды бүгін басқа мен ұрайын.*

*Қазағым Үкілі деп еркелеткен,
Қыр менен Сыр бойына әні жеткен.
Шәкіртің Біржан сал мен Ақан сері,
Атқаны асқаны зой шығып шектен.*

*Ойлаймын қасіретті өткенімді,
Езгіден, өктемдіктен шөккенімді.
Білмеймін қалай, қайтіп қайтармақпын,
Барымта жау қолында кеткенімді.*

*Ұшырдым бүгін көкке аққуыңды
Қайтардым ел-жұртыңа гәккуіңді.
Өзіңді өлтірсе де сұмырайлар,
Құлақтан құрта алған жоқ тәтті үніңді.*

Суырып салма ақындығына әншілігі, композиторлығына жыршылығы, бұған ойыншылығы қосылған әмбебап дарын, өрнекті өлеңнің гүлі, ақындық өнердің болат тұяқ мұзбалағы Үкілі Ыбырай бейнесі мен шығармасы болашақтың есігін айқара ашып, төрімізде төредей болып отыратынына кәміл сенеміз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Тарихи тұлғалар: Танымдық-көпшілік басылым / Құраст. Б.Тоғысбаев, А.Сужикова. — Алматы: Алматыкітап, 2006. — 241 б.
- 2 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. — 9-т. — Алматы: Қазақ энцикл. Бас ред., 2007. — 96-б.
- 3 Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. — 1-т. — Алматы: Ғылым, 1977. — 39, 40-б.
- 4 Қазақ поэзиясының антологиясы (XX ғасырдың бас кезі). — Алматы: Ғылым, 1992. — 488 б.
- 5 Бекенов Ж. Қараторғай // Жұлдыз. — 1997. — № 2. — 188–190-б.
- 6 XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті (Қазан төңкерісіне дейінгі дәуір). — Алматы: Ғылым, 1994. — 312 б.
- 7 Сүлейменов Ж. Аққуға аспандағы үнін қосқан // Қазақ әдебиеті. — 2010. — № 25 (3189). — 25 маус. — 6-б.
- 8 Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. — Алматы: Дайк-Пресс, 2001. — 197 б.
- 9 Жақанов И. Пай-пай, жиырма бес // Егемен Қазақстан. — 2011. — 2 наур. — 5-б.
- 10 Қазақ әндерінің антологиясы: Екі томдық. — 1-т / Құраст. Ж.Кәрменов. — Алматы: Өнер, 1990. — 319, 320-б.
- 11 Салықов К. «Гәкку» жайлы үзік сыр // Көкшетау. — 2011. — № 1 (13).
- 12 Салықов К. Гәкку // Орталық Қазақстан. — 2009. — 7 наур. — 5-б.
- 13 Негимов С. Қазақтың сал-серілері. Ғылыми эсселер. — Алматы: Ана тілі, 2005. — 28-б.
- 14 Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. — Алматы: Атамұра, 2006. — 215-б.
- 15 Әлімбаев Д. Кенші жыры: Өлеңдер, толғаулар, ертегі, айтыстар / Құраст. С.Негимов, Б.Ысқақов. — Алматы: Жазушы, 1986.
- 16 Айтыс. — 1-т. — Алматы: Жазушы, 1965. — 556 б.
- 17 Жақсыбаев А. Иса ақын // Жұлдыз. — 2010. — № 6. — 31, 32-б.

Р.С.Каренов

О творчестве и судьбе поэта, певца и композитора Ибрая Сандыбаева

Дана характеристика творческой деятельности выдающегося поэта, певца и композитора прошлого столетия Ибрая Сандыбаева, автора многочисленных лирических стихотворений. Особую популярность ему принесла знаменитая песня «Гакку», имеющая четыре варианта. Указано, что в творениях поэта и певца нашли традиционные для отечественных импровизаторов качества: прямота, находчивость, смелость, красноречие. Отмечено, что поэт в своих произведениях воспевал любовные переживания, красоту родного края, силу знаний и призывал свой народ к духовной чистоте, справедливости, честности.

R.S.Karenov

About creation and fate of the poet, singer and composer Ibray Sandybayev

The characteristic of creative activity of the outstanding poet, the singer and the composer of last century Ibray Sandybayev is given. It is emphasized that his poetic gift was revealed and formed early. Also it is shown that Ibray — is the author of numerous lyric poems. Special attention is paid to that the song «Gakku» which has four variants brought him main popularity. It is pointed that the qualities peculiar to native improvisators are reflected in his works: straightforwardness, resourcefulness, courage, eloquence. It is noted that the poet sang of love experiences, beauty of the native land, power of knowledge and called the people for spiritual purity, justice, honesty in his works. It is proved that creative life of Ibray was many-sided and he gained wide recognition both as the poet, and as the composer, and as the singer.

ӨЖ 821.512.122

Ж.Ж.Жарылғапов, А.А.Мирзахметов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: mirza_achmet@mail.ru)

Қазіргі қазақ прозасындағы романтизм

Романтизмге қатысты мәселелер, оның жаратылысы, романтикалық жанрлардың даму барысындағы типологиясы, жекелей романтикалық шығармалардың поэтикалық жүйесін зерттеу қазіргі қазақ әдебиеттануында ерекше көзге түсіп отыр. XX ғасыр әдебиеттануында көркемдік әдіс ретінде «романтизм» деген толыққанды ұғым қалыптасты. Романтизм тарихи үрдіспен қалыптасқан, аса күрделі әдеби құбылыс бола отырып, тамыры терең типологиялық зерттеулермен тығыз байланысты, қазақ прозасында романтизм еуропалық контекст арқылы анықталуда, анығырақ айтатын болсақ, әлем әдебиетіндегі жаңашылдықты, дамуды, әр түрлі романтизм түрлерін, әдеби дамудың алдыңғы және кейінгі кезеңдеріндегі арақатынасын ескеретін тарихи үдерісте зерттеліп келеді.

Кілтті сөздер: қазақ прозасы, қазіргі проза, проза, ұлттық таным, көркемдік әдіс-тәсілдер, әдеби жанрлар, романтизм, романтикалық үдеріс, әдебиет, әдеби тенденция, тәуелсіздік қаламгерлері.

Бүгінгі таңда ұлттық прозадағы романтизм мәселесі арнайы зерттелмей келеді. Кешегі социалистік реализмнің көлеңкесінде қалған шынайы романтизм — бүгінгі әдебиеттануымыздың өзекті мәселелерінің бірі.

Тәуелсіздік тұсындағы әдеби тенденцияны тұтастай алсақ, әдебиеттің бірнеше даму бағыттарын байқаймыз. Олар — дәстүрлі реалистік әдіс және модернистік, постмодернистік ағымдар. Сонымен қатар осы кезең прозасынның өкілдері (М.Мағауин, Б.Мұқай, Р.Тоқтаров, Т.Ахметжан, А.Жақсылықов, Х.Әдібаев, А.Алтай, Д.Рамазан, Д.Амантай, С.Сағынтай, Д.Бейсенбек, А.Мантаева, Л.Қоныс т.б.) 2000–2010 жылдары жарық көрген шығармаларынан романтикалық үдерістің де